

**Маңғыстау облысы денсаулық сақтау басқармасының
«Бейнеу көпбейінді орталық аудандық ауруханасы»
шаруашылық жүргізу құқығындығы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны
ХАТТАМА №2**

Бейнеу ауылы

03.06.2024 жыл

Өткізілген орны: Бейнеу ауылы, Тобанияз көшесі, 1Д, конференц зал

Жиналыс төрағасы: Б.Абдуллаев – аурухана директоры

Жиналыс хатшысы: С.Тотыева – хатшы

Қатысқандар: Кәсіпорын қызметкерлері.

Күн тәртібінде:

1. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылыққа жол бермеу бойынша Кәсіпорын қызметкерлеріне түсіндіру жұмыстарын жүргізу.

Аурухана директорының емдеу ісі бойынша орынбасары Қ.Түйебаев баяндады: Қоғамда тамырын тереңге жайып, өкінішке қарай, көптеген тың бастамаларға тұсау болып, әр отбасының әл-ауқатына, мемлекеттің экономикалық-әлеуметтік дамуына, кез келген салада жетістікке жету жолындағы ең үлкен кедергіге айналып, кері әсерін тигізетін мәселенің бірі – сыбайлас жемқорлық. Яғни, бұл – қоғам дерті.

Аталған қылмыс түріне бару – болашаққа балта шауып, Отанға опасыздық жасаумен тең. Өйткені жең ұшымен жалғасқан жемқорлық бар жерде ұлттық қауіпсіздікке де үлкен қатер төніп тұрады сөзсіз. Сондықтан Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының негізгі басымдықтарының бірі – осы індетпен халық болып күресу. Жемқорлық сынды жымысқы әрекетке бару ең алдымен адами фактор, яғни әр азаматтың таным-түсінігіне, рухани кемелділігі мен ой-өрісі, сана-сезіміне тікелей байланысты болғандықтан жемқорлықпен күресте негізгі тетік – сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет деңгейін қалыптастыру екені анық. Бұл – дамыған елдердің тәжірибесінде оң бағаланған, нәтижелі әдістің бірі.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыра отырып, қоғамдық сананың өзгеруіне түрткі боламыз. Қоғамдағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы сана адамгершілік және адамгершілікке жат қылықты, заңды және заңсыздықтың шегін көрсетіп береді. Ол сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлықты қамтамасыз ету үшін моральдық-адамгершілік, идеологиялық, құқықтық шараларды талап етеді.

ШЕШІМ:

1. Кәсіпорын қызметкерлері арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс шараларды ұдайы жүргізу;

Жиналыс соңында қызметкерлер тарапынан қойылған сұрақтарға жауап берілді.

Жиналыс төрағасы отырыс қорытындысын жасады.

Жиналыс төрағасы:

Б.Абдуллаев

Жиналыс хатшысы:

С.Тотыева